



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ
«С.Сейфуллин атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
АГРОНОМИЯ ФАКУЛЬТЕТІ



ТҰҚЫМТАНУ пәнінен дәріс



ASTANA -12.10.2016



2-дәріс. Дәнді астық дақылдарының жалпы сипаттамасы



Жоспар:

1. Тұқымтану пәнінің түсінігі мен міндеттері.
2. Өнімді арттырудағы жоғары сапалы тұқымның рөлі.
3. ҚР-да тұқымдық-бақылау қызметі, құрылымы мен міндеттері.

Әдебиеттер:

1. “Тұқым шаруашылығы” туралы 2003 жылғы 8 ақпандағы №385 – II – Қазақстан Республикасының заңы;
2. Аринов К.К., Шестакова Н.А. Агронимические основы семеноведения и семенного контроля на севере Казахстана. Астана, 2006, 107 с.
3. Әрінов Қ.К., Можаяев Н.И., Шестакова Н.А., Ысқақов М.Ә., Серікпаев Н.А. Өсімдік шаруашылығы практикумы (оқу құралы) Астана, 2004, 280 бет.
4. Нургалиев А.Н., Сорокина Т.А., Аринов К.К., Исаков М.А. Вопросы семеноведения зерновых культур в Северном Казахстане (Учебное пособие). Целиноград, 1984, 78 с.
5. Кулешов Н.Н. Агронимическое семеноведение полевых культур. М., 1963, 304.



1-сұрақ. Тұқымтану пәні мен міндеттері. Басқа пәндермен байланысы.



Тұқымтану – тұқым туралы ілім. Алайда ботаника мен өсімдік шаруашылығындағы «тұқым» түсінігі (термині) бір мағына бермейді.

Ботаникалық ұғымда тұқым – қосарлана ұрықтанудың нәтижесінде дамыған дән болып табылады. Ол ұрықтан, қоректік заттар қорынан және қабықтан тұрады.

Өсімдік шаруашылығында тұқым деп жоғары өнім алуға арналған әртүрлі тұқымдық жадығатты (материалды) атайды.

Танаптық (екпе) дақылдарда тұқымдық жадығат ретінде төмендегідей түзілімдер пайдаланылады:

- нағыз тұқымдар (бұршақ, қырыққабат, зығыр тұқымдас дақылдар, мақта өсімдігі ж.б.);
- жалаңаш және қабықты жемістер (қоңырбастар тұқымдасының дәндері – бидай, арпа, судан шөбі ж.б.; күнбағыс пен мақсары шекілдеуіктері, қарақұмық жаңғақшасы т.б.);
- жеміс шоғырлары (мысыққұйрық масақшалары, қызылша домалағы); түйнектер (картоп, жер алмұрты).

Алғашқы кезде тұқым жөніндегі деректер ботаниктермен жинақталды, кейіннен тұқым сауда-саттық объектісіне айналды да оның сапасын анықтау қажеттігі туындады, ал мұның өзі тұқымның қасиеттерін зерттеуді талап етті.

Тұқым үш топ сапа көрсеткіштерімен сипатталады:

себу (егістік) сапасы – олардың себуге жарамдылық дәрежесін анықтайтын тұтас тұқымдық қасиеттері;

сорттық сапасы – сорттық тазалығына, репродукциясына және тегіне (типіне) қойылатын талаптарына сәйкес келуі;


өнімділік сапасы – нақты жағдайларда белгілі бір деңгейде өнім беру қабілеті.

Аталған тұқым сапаларының көрсеткіштері бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ жекелеген пәндердің зерттеп, оқып-үйрену объектісі болып табылады. Егер тұқымның сорттық сапасын тұқым шаруашылығы оқытса, онда оның себу сапасын – тұқымтану пәні оқытып-үйретеді.


XX ғасырдың 70-жылдарында тұқымдық - бақылау лабораториялары мемлекеттік тұқым инспекциялары болып қайта құрылымдалды. Әрбір Одақтық Республикаларда, оның ішінде Қазақстанда мемлекеттік тұқым инспекциялары (Республикалық, аумақтық, облыстық, аудандық) құрылып қызмет жасады.

Қазіргі кезде Қазақстанда «Мемлекеттік тұқым инспекцияларының» орнына «Мемлекеттік тұқым сапасына сараптама жасау лабораториялары» қызмет жасауда және тұқымдық бақылаудың екі түрі бар: мемлекеттік және шаруашылық-ішілік бақылау.


Мемлекеттік тұқымдық бақылау «Мемлекеттік тұқым сапасына сараптама жасау лабораториялары» арқылы іске асырылады. Еліміздегі барлық ауыл шаруашылығы нысандары (агрофирмалар, акционерлік қоғамдар, жауапкершік шектеулі серіктестіктер, ұжымдық шаруашылықтар, шаруа қожалықтары ж.б.) Мемлекеттік «Тұқым сапасына сараптама жасау» лабораторияларында өздерінің барлық тұқым қорларын дер кезінде тексертіп отыруға міндетті.



Тұқымтанудың мәнін, оның тұқымдық бақылаумен байланысын И.Г. Строна төмендегіше түйіндеген (1-сурет).



Сурет 1. Бидай дәнінің қимасы: 1 – гүл табақшасы (щиток); 2 - бүршікше; 3 - ұрық; 4 – ұрықтық тамыршалар; 5 - айдар; 6 – эндоспермнің алейрон қабаты; 7 – қабысып өскен тұқымдық және жеміс қабықшалары; 8 – крахмал дәншіктері бар эндосперм жасушалары (клеткалары).



Сурет 2. Бидай. 1,2,3 – жұмсақ: егін көгі мен гүлдену кезеңдерін-дегі өсімдіктер, масақша; 4,5,6 – қатты, сондай; 7 – жапырақ пен сабанның қосылуы; 8 – дәннің көлденең қимасы: а – ұрық, б – эндосперм, в – жеміс және тұқымдық қабықтар, г – айдары; 9 – өсу кезеңдері; 10 – ұннан дайындалған нан: а - әлсіз, б - орташа қуатты және в - қуатты бидайдан